



010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы,  
ғимарат 8,  
тел.канц.: 7 (7172) 750672; 7 (7172) 749897  
e-mail: mti@mti.gov.kz

010000, город Нур-Султан, район Есиль, проспект Мангилик  
Ел, здание 8,  
тел.канц.: 7 (7172) 750672; 7 (7172) 749897  
e-mail: mti@mti.gov.kz

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
«Қазақстан халық партиясы»  
Фракция депутаттарына**

**Құрметті депутаттар!**

*2021 жылғы 17 маусымдағы  
№ ДС-215 шығыс хатқа*

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) Сіздің отандық ұн тартушы кәсіпорындарын дамыту жөніндегі кешенді шараларға қатысты сұрауыңызды қарап, өз құзыреті шегінде келесіні хабарлайды.

***Бидайды әкетуге экспорттық кедендік бажды енгізуге қатысты***

Ресми статистикалық деректерге сәйкес 2020 жылы бидай экспорты 2019 жылмен салыстырғанда 1,2%-ға қысқарып, 5,2 млн.тоннаны құрады. Ағымдағы жылдың төрт айының қорытындысы бойынша бидай экспорты шамамен 22%-ға өсіп, 1,8 млн.тоннаны құрады.

Бидай экспорты құрылымында ең көп үлесті ТМД елдері алады (экспорттың жалпы көлемінің шамамен 70%-ы), үшінші елдерге 20%-дан азы келеді, қалған экспорт ЕАЭО елдеріне жүзеге асырылады.

Қазақстан, Өзбекстан және Тәжікстан 2011 жылғы 18 қазандағы Еркін сауда аймағы туралы шарттың (бұдан әрі –ТМД шарты) қатысушылары болып табылатынын атап өткен жөн, оған сәйкес Шартқа қол қою кезінде айтылған белгілі бір тауарларды қоспағанда, мүше мемлекеттер өзара саудада экспорттық кедендік баждарды (бұдан әрі – ЭКБ) қолданбайды.

ТМД шарты бидайға қатысты ЭКБ қолдану мүмкіндігін көздемейді. Осыған байланысты, оларды енгізу Қазақстан Республикасынан экспортталатын басқа да тауарларға қатысты, сондай-ақ басқа да салаларда, мысалы, ҚР оңтүстік өңірлерін сумен жабдықтау мәселесінде жауап шараларын қолдану тәуекеліне әкеледі.

Бидайды әкетуге қатысты ЭКБ-ны үшінші елдерге белгілеу мүмкін. Бұл ретте, ДСҰ шеңберіндегі міндеттемелерді ескере отырып, ЭКБ мөлшері 20%-дан аспауы, бірақ тоннасына 60 АҚШ долларынан кем болмауы тиіс.

Үшінші елдерге бидай экспорты жалпы экспорттың 20%-дан азын алатынын назарға ала отырып, бидайды ұстап тұру бойынша шаралар қабылдау айтарлықтай әсер етпейді.

Бидайға қатысты ЭКБ белгілеудің орындылығы мәселесі ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігімен (бұдан әрі – ҚР АШМ) және салалық қауымдастықтармен бірлесіп қаралғанын атап өткен жөн. Талқылау барысында агроөнеркәсіптік кешен саласындағы уәкілетті орган осы тауардың ішкі нарықтағы бар елеулі профицитін, сондай-ақ әлемдік нарықтардағы бәсекелестіктің жоғары деңгейін және қазақстандық бидайды әлемдік өткізу нарықтарына жеткізу кезіндегі елеулі көліктік тіректі атап өтті.

Аталған себептер негізінде ҚР АШМ бидай шығаруға ЭКБ белгілеуді қолдамайды.

Сонымен қатар, Министрлік ұн тарту өнеркәсібінің экспортын ілгерілету мақсатында мемлекеттік қолдаудың сервистік және қаржылық шараларын көрсетуде.

Атап айтқанда, қазақстандық экспорттаушыларға өнімнің өзіндік құнын 10%-ға дейін төмендетуге, сондай-ақ экспорт географиясы мен тауарлар номенклатурасын кеңейтуге мүмкіндік беретін көлік шығындарының бір бөлігін өтеу тетігі енгізілді.

Сонымен бірге кәсіпорындардың жарнамаға, сауда алаңдары мен сөрелерді, қоймаларды жалға алуға, брендтерді сертификаттау мен тасымалдауға жұмсаған шығындары өтеледі.

Мәселен, 2019 жылдың қорытындысы бойынша индустриялық-инновациялық қызметтің 139 субъектісінен жалпы сомасы 3,9 млрд.теңгеге 179 өтінім мақұлданды, оның ішінде ұн экспорты бойынша 31 компанияға 1,1 млрд. теңге сомаға қолдау көрсетілді, 2020 жылдың қорытындысы бойынша ұн экспорты бойынша 42 компанияға 1,2 млрд. теңге экспорттық субсидия берілді.

Ағымдағы жылы ұн экспорты бойынша 14 компания 541,4 млрд.теңге сомасына экспортқа жұмсалған шығындардың өтемін алды.

Бұдан басқа, Қытай нарығына отандық тамақ өнімдерінің (*бидай ұны, бидай кебегі, бидай крахмалы, бидай глютені, жарма, макарон өнімдері*) тұрақты қол жеткізу арнасын құрған Экспорттық Акселерация бағдарламасы жұмыс істейді, 2020 жылғы Акселерация бағдарламасының 35 қатысушының 10-ы ұн тарту өнеркәсібін білдіреді.

Биыл өткізу географиясын кеңейту мақсатында ҚХР-ға БАӘ мен Өзбекстан қосылады. Осылайша, жеткізілетін тауарлар номенклатурасын және отандық өнімді өткізу географиясын кеңейту осы елдердің нарықтарына тұрақты жеткізу тізбегін құруға мүмкіндік береді.

Министрлік сондай-ақ салықтық тексеру жүргізусіз ҚҚС 50% «авто-қайтару» қарастырылған өздері өндіретін тауарларды өндірушілердің тізбесін бекітті.

Сонымен қатар, тұрақты негізде сауда-экономикалық миссияларды, көрмелерді, ұлттық стендтерді және т.б. ұйымдастыру арқылы экспортты ілгерілету бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Мәселен, 2020 жылы Шанхай қаласында Ұлттық стенд ұйымдастырылды, оған қазақстандық өндірушілер, соның ішінде «Миллер и К» ұн өндірушілері, «Ново-Альджанский мелькомбинат» ЖШС, «Сұлтан-Маркетинг» ЖШС, «Бест Қостанай» ЖШС, «Дани-Нан» ЖШС, «Аруана-2010» ЖШС қатысты.

Жалпы, Министрлік ұн тарту өнімдерін әлемдік нарықтарда экспорттауды ілгерілету және қолдау бойынша белсенді жұмысты жалғастыратын болады.

**Қазақстан Республикасы**  
**Сауда және интеграция**  
**министрінің міндетін атқарушы**

**Е. Қазанбаев**

*Орынд.: Г. Сейлканова*  
*т. 743899*



## БҰЙРЫҚ

## ПРИКАЗ

Нұр-Сұлтан қаласы

№ \_\_\_\_\_

город Нур-Султан

2021 жылдың 21 маусымы

№ 937

## Иссапар туралы

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 57 және 38 баптарына «Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы» 2000 жылғы 22 қыркүйектегі № 1428 және «Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы № 256 қаулыларына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қызметтік қажеттілікке байланысты, Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 19 мамырдағы Тәжікстан Республикасына ресми сапары шеңберіндегі уағдаластықтарды іске асыру, сондай-ақ Өзбекстан Республикасы Премьер-Министрі А.Ариповтың 2021 жылғы 2 маусымдағы Қазақстан Республикасына ресми сапары шеңберіндегі екіжақты уағдаластықтарды іске асыру мақсатында 2021 жылғы 22 маусымнан бастап 29 маусым аралығында Душанбе (Тәжікстан), Ташкент (Өзбекстан) қалаларына іссапарға жүремін.

2. Күнтізбелік 8 күн көлемінде тәуліктік ақысы, күнтізбелік 7 күн көлемінде тұрғын жай жалдау және әуе көлігімен Нұр-Сұлтан - Душанбе - Ташкент - Нұр-Сұлтан бағыты бойынша жол жүру шығындары 005 «шетелдік шығыстар» бағдарламасы бойынша өтелетіні ескерілсін.

3. Иссапар кезеңінде Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің міндеттерін атқару лауазымдық жалақының айырмашылығы көлемінде үстеме ақы төлене отырып, вице-министр Ержан Калдыбаевич Казанбаевқа жүктелсін.

Негіздеме: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің келісімі

Министр

Б. Сұлтанов



